

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

20 шілде 2022 ж.

№5/1

Атырау қаласы

Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасының қызметі туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 бабына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі №5 отырысында «Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасының қызметі туралы» облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.Байдувалиевтың баяндамасын тыңдап, талқылап, облыстық қоғамдық кеңес **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.Байдувалиевтың «Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасының қызметі туралы» баяндамасы қаперге алынсын.

2. Облыстық денсаулық сақтау басқармасына (А.Байдувалиев):

1) Атырау облысының медицина саласын кадрлармен қамту бойынша нақты шаралар алу ұсынылсын, соның ішінде:

- өңірде жұмыс жасауға тартылған медицина саласы қызметкерлерінің әлеуметтік қолдау қаржысының көлемін 1 млн. теңгеден 3 млн. теңгеге дейін ұлғайту, пәтер жалдау ақысын өтеу мүмкіндіктерін қарастыру;

- өзге өңірлерден, соның ішінде шет елдерден медицина мамандарын шақыру;

- облыс әкімінің білім беру грантымен білім алған медицина саласы мамандары келісім шарт талаптарын бұзып еңбекпен өтемеген жағдайда жергілікті бюджет қаржысын сәйкес кезеңдегі инфляция деңгейін ескере отырып қайтаруға міндеттеу;

- медицина саласы мамандықтарына облыс әкімінің грантының санын арттыру мәселесін қарастыру;

- мектеп оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу;

2) Халықтың медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейін арттыру;

3) Медициналық ұйымдарда қоғамдық мониторинг және халықпен кері байланыс тетігін енгізуді қарастыру;

4) Тұрғындардың зертханалық талдау қорытындылары мен басқа да анықтамаларын электрондық поштаға жолдауды ұйымдастыра отырып, саланы цифрландыруды күшейту;

5) Облыс бойынша медициналық аппараттарға зерделеу жүргізіп, денсаулық сақтау саласында материалдық – техникалық базаларды жаңарту шараларын қабылдау;

6) Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды ұлғайту;

7) Медициналық ұйымдарда сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды жасауға, бюджет қаржысының тиімсіз және мақсатсыз жұмсалыуына жол бермеудің қатаң шараларын алу;

8) Медициналық ұйымдар басшыларының басқару дағдылары мен білітілігін арттыру, құқықтық оқыту;

9) Медициналық ұйымдар қызметін ашықтық пен заңдылық қағидаттарына негіздеу ұсынылсын.

3. Облыстық денсаулық сақтау басқармасына Атырау қаласы әкімдігімен және Облыстық құрылыс басқармасымен бірлесіп:

1) Атырау қаласында «Медиктер үйін» салу мәселесін қарастыру;

2) Атырау қаласынан балалар үйінің жаңа ғимаратын салу;

3) №1 Атырау қалалық емханасына жаңа типтік ғимарат салу туралы ұсыныс енгізу ұсынылсын.

4. Кеңес хатшылығына (Н.Мырзағалиева)

1) Қоғамдық кеңес мүшелерімен жүргізілген мониторинг барысында жинақталған сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактілері бойынша материалдарды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментіне жолдасын.

5. Денсаулық сақтау басқармасына осы ұсынымдарды қарау нәтижесі туралы 2023 жылдың 1 тоқсанында кеңес хатшылығына хабарлау ұсынылады.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов